

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ МӘРТӨК  
АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ-НІҢ «№9 «ШАПАҒАТ»  
БӨБЕКЖАЙ - БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ  
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫНЫҢ  
АТЕСТАЦИЯДАН ҚАЙТА ӨТУ ТУРАЛЫ  
АНЫҚТАМА**

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылдың 08-16 қыркүйек айы аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№9 «Шапағат» бөбекжай - бақшасы» МКҚК-ның мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою туралы анықтамасы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-тарауы 21-тармағына сәйкес штаттық кестеге талдау және түзету жұмыстары жүргізілді.

Аттестаттау кезінде тәрбиешілердің жүктемесіне қатысты сәйкессіздік көрсетілген болатын. Атап айтқанда, тәрбиеші лауазымдарына 1,125 штат бірлігінің орнына 1 штат бірлігі берілгендігі анықталған.

Қазіргі таңда аталған ескерту бойынша түзету жұмыстары толық жүргізілді. Мекемедегі 9 штат бірлігінің:

8 тәрбиешіге 1 бірліктен бөлінді;

0,5 штат бірлігі әдіскерге берілді;

қалған 0,5 штат бірлігі Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына және Мәртөк аудандық білім бөлімінің бұйрығына сәйкес мекеме меңгерушісіне қоса атқару ретінде рәсімделді.

«№9 «Шапағат» бөбекжай - бақшасы» МКҚК-ны мекемесінде әдіскердің жүктемесі 0,5 болғандықтан 0,5 штат бірлігі әдіскерге берілді. Қазіргі таңда әдіскер жалпы 1 бірліктен қызмет атқарады. Мекеме меңгерушісі А.З.Айтжановаға тәрбиеші жүктемесінің берілуі Мәртөк аудандық білім бөлімінің №41т. 1. бұйрығы негізінде жүзеге асырылған. Бұл қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес рәсімделген. Аталған мәселе бойынша облыстық кәсіподақ ұйымының заңгеріне жүгіндім. Кәсіподақ ұйымының ресми жауабына сәйкес, мекеме меңгерушісі негізгі қызметіне кедергі келтірмеген жағдайда және жұмыс уақыты жеткілікті болса, қосымша жүктемені қоса атқаруға құқылы екендігі көрсетілген.

Осыған байланысты, аталған түсіндірмені назарға алуларыңызды сұраймын.

Қазіргі уақытта барлық тәрбиешілер 1 штат бірлігімен жұмыс атқарады. Бекітілген штаттық кесте үлгілік штаттық кестеге сәйкестендірілді. Осыған байланысты мемлекеттік аттестаттау барысында көрсетілген ескертулер түзетілді деп есептеймін.

**Қосымша жалғанатын құжаттар тізімі:**

1. Қосымша ретінде кәсіподақ ұйымының ресми жауабының көшірмесі.
2. Мәртөк аудандық білім бөлімі бұйрығының көшірмесі .
3. Меңгерушінің 0,5 тәрбиеші жүктемесінің атқаратыны туралы еңбек келісім шартының көшірмесі.
4. Әдіскердің 0,5 тәрбиеші жүктемесінің атқаратыны туралы еңбек келісім- шартының көшірмесі.

№9 «Шапағат» бөбекжай – бақшасының  
меңгерушісі:  Айтжанова Алия Зарлыковна

